

УДК 330.34

Рахимова Бакыт Капжаппаровна

кандидат экономических наук, КазГЮИУ г.Семей

Шойбакова Еркежан Оразбаевна

Магистр экономических наук, КазГЮИУ г.Семей

e-mail: erkejan66@mail.ru

Муқанова Лаура Кудайбергеновна

Магистр экономических наук, КазГЮИУ г.Семей

e-mail: laura.mukanova.76@mail.ru

Курманбаева Сауле Танибергеновна

Магистр экономических наук, КазГЮИУ г.Семей

e-mail: kurmanbaeva1968@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІК САЛАСЫНДА СТРАТЕГИЯНЫ НЫҒАЙТУ

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында стратегияны дамыту мен жетілдіру мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында әлеуетті күшейту болып табылады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы стратегия бірнеше компоненттен тұрады:

1. Ұлттық саясат жасау;
2. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аймақтық орталықтарын немесе арнайы «компетенциялық» ұйымдар құру мен дамытуға қолдау жасау;

3. Жетекші тәжірибемен алмасу;

4. Кадрлар даярлау, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында машықтарды дамыту мен оқыту.

Үкіметтер саясат жасауда өздерінің алдына нақты мақсаттар мен міндеттер қою керек.

Олар мақсатты жүзеге асыру кезіндегі негізгі құндылықтар мен принциптерді ескеріп саясат жасау керек. Ресми тұлғалар жобаның әр кезеңінде де келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болу керек:

a) үкімет қандай негізгі құндылықтарды қорғау керек?

b) билік органдарын өкілдері ол құндылықтарды қалай сақтап қала алады?

c) әділдік пен тұрақтылық принциптеріне сәйкес МЖӘ қалай қоғам мүдделеріне қызмет ете алады?

Жоғарыдағы сұрақтарға айтылған жауаптар қызметке қол жетімділік, адалдық пен теңдік, қаржылық есеп беру, сапа мәселелерін қарастырады.

Егер мақсаттар мен міндеттер бекітілсе, үкімет олардың орындалуын қадағалау керек. Мысалы, үкімет келесіні ескеру керек:

- МЖӘ формалары
- Тәуекел деңгейі
- тәуекелді қалай басқару
- қабылдай алмайтын тәуекел
- әдістердің тиімділігін анықтау критерийлері

Саясаттың жобалар мен жоспарларға әсер етендігін ескерсек, саясат жасауда барлық тараптардың да қатысуын қамтамасыз ету керек.

Түйін сөздер: Мемлекеттік-жеке меншік, Ұлттық саясат, Үкімет, жобалар, стратегия

Развитие и совершенствование стратегии в области государственно-частного партнерства обеспечит усиление его потенциала.

Стратегия в сфере государственно-частного партнерства состоит из нескольких компонентов:

1. Разработка национальной политики;

2. Государственно-частного партнерства региональных центров или специальных «компетенций» поддержка создания и развития организаций;

3. Ведущих, обмен опытом;

4. Подготовка кадров, государственно-частного партнерства в рамках развития навыков и обучения.

Постановка конкретных целей и задач, стоящих перед правительствами в разработке политики должны быть свои.

Основные ценности и принципы, которые необходимо при осуществлении политики с учетом целевой. На каждом этапе проекта, так и официальные лица должны быть готовы ответить на следующие вопросы:

a) защиты основных ценностей правительства- какие необходимо?

b) представители органов власти- как он может сохранять ценности?

c) в соответствии с принципами справедливости и стабильности, как ГЧП может служить интересам общества?

Ответы на вопросы, упомянутые выше, деятельности, доступности, добросовестности и равенства, финансовой отчетности, рассматривает вопросы качества.

В случае, если цели и задачи, утверждены, за Правительством остается контроль за их исполнением. Например, Правительство, должно учитывать следующее:

- *Формы ГЧП*
- *Уровень риска*
- *как управлять рисками*
- *не принимать риск*
- *критерии эффективности методов выявления*

Учитывая влияние политики на проекты и планы, необходимо обеспечить участие всех сторон в разработке ГЧП.

Ключевые слова: *Государственно-частное партнерство, Национальная политика, Правительство, проекты, стратегия*

Public-private partnerships and improving strategies for the development of public-private partnerships are capacity building in the area.

The public-private partnership in the field of strategy consists of several components:

1. Development of national policies;
2. Public-private partnership of regional centers or special "competence" support the creation and development of organizations;

3. Leading, exchange of experience;

4. Training, public-private partnerships in the framework of skills development and training.

Setting specific goals and objectives for governments to formulate policies should be their own.

The core values and principles that are necessary when implementing policies tailored. At each stage of the project, both officials should be prepared to answer the following questions:

a) protect the core values of the government, what are needed?

b) government officials, how can he preserve values?

c) in accordance with the principles of justice and stability, how can PPP serve the interests of society?

Answers to the questions mentioned above, activities, accessibility, fairness and equity, financial reporting, addresses quality issues.

If the goals and objectives are approved, the government should monitor their implementation. For example, a government should consider the following:

- *Forms of PPP*
- *risk level*
- *how to manage risks*
- *do not take risk*
- *criteria for the effectiveness of detection methods*

Given the impact of policies on projects and plans, it is necessary to ensure the participation of all parties in the development of policies.

Keywords: *Public-Private Partnership, National Policy, Government, Projects, Strategy*

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында стратегияны дамыту мен жетілдіру мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында әлеуетті күшейту болып табылады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы стратегия бірнеше компоненттен тұрады:

5. Ұлттық саясат жасау;

6. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аймақтық орталықтарын немесе арнайы «компетенциялық» ұйымдар құру мен дамытуға қолдау жасау;

7. Жетекші тәжірибемен алмасу;

8. Кадрлар даярлау, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында машықтарды дамыту мен оқыту.

Үкіметтер саясат жасауда өздерінің алдына нақты мақсаттар мен міндеттер қою керек.

Олар мақсатты жүзеге асыру кезіндегі негізгі құндылықтар мен принциптерді ескеріп саясат жасау керек. Ресми тұлғалар жобаның әр кезеңінде де келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болу керек:

a) үкімет қандай негізгі құндылықтарды қорғау керек?

b) билік органдарын өкілдері ол құндылықтарды қалай сақтап қала алады?

c) әділдік пен тұрақтылық принциптеріне сәйкес МЖӘ қалай қоғам мүдделеріне қызмет ете алады?

Жоғарыдағы сұрақтарға айтылған жауаптар қызметке қол жетімділік, адалдық пен теңдік, қаржылық есеп беру, сапа мәселелерін қарастырады.

Егер мақсаттар мен міндеттер бекітілсе, үкімет олардың орындалуын қадағалау керек. Мысалы, үкімет келесіні ескеру керек:

- МЖӘ формалары

- Тәуекел деңгейі
- тәуекелді қалай басқару
- қабылдай алмайтын тәуекел
- әдістердің тиімділігін анықтау критерийлері

Саясаттың жобалар мен жоспарларға әсер ететіндігін ескерсек, барлық тараптардың да қатысуын қамтамасыз ету керек.

Үкімет МЖӘ жобаларының табысты жобаларына назар аударуы тиіс. Мысалы: Ұлыбритания: мектептер, госпитальдар, қоршаған орта, су ресурстары, канализация; Канада: энергетика, көлік, ақпарат технологиялары, білім; Греция: аэропорт пен жолдар; Ирландия: жолдар мен қала көлік жүйесі; Нидерланды: қоғамдық тұрғын үй; Испания: ақылы жолдар.

Шешуші мәселе:

- а) жоба әлеуметтік және экономикалық қажеттілікті қамту керек;
- б) әріптес іздеуде тексерілген технологиялар пайдаланған жөн;
- с) жоба құны ашық анықталуы керек;

Маңыздысы, үкіметтің басымдықтарды дұрыс қоюы мен міндеттерді дұрыс белгілеуі. Үкімет перспективті және тәуекелі аз жобалардан бастауы керек.

Ұлттық саясат жасау келесі міндеттерге негізделеді:

- заңнамаға талдау жасау;
- әлемдік тәжірибе негізінде заңнамаға өзгеріс енгізу;
- мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің типтік және салалық модельдерін жасау.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы саясат икемді және өзгерістерге дайын болу керек. Себебі, жұмыс барысында қателіктер кетуі мүмкін және оларды түзету қажеттілігі туады. Бұл жағдайда Ұлыбритания тәжірибесі үлгі бола алады. Бұл елдің үкіметі қателіктер жасау кезінде, одан сабақ алып, бағытын қайта қарастырып, жобаны жалғастыруды тоқтатпады. Оның саяси процесі инновацияларды енгізу мен әріптестіктің жаңа модельдерін енгізу қабілеттілігімен ерекшеленді.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы саясат жасау барлық үкіметтік мекемелерді тартуы қажет. Мұнда әртүрлі министрліктердің өкілдерін біріктіре отырып, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолданудың мүмкіндіктерін жүзеге асыруға байланысты бірлесіп ақылдасуы қажет.

Үкімет ішінде ынтымақтастық пен үйлесімділік МЖӘ саясаты үшін бекем негіз болады.

Егер жергілікті басқару аясында немесе секторларда қандай да ерекшеліктер болса, олардың бәрін қарастырып, жекедара шара қабылдаған жөн.

МЖӘ саласында саясатты жасау алдында барлық мүдделі тараптармен кеңестік жұмыстар жүргізген дұрыс.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы саясаттың бір бөлігі – ол ақпараттық қамтамасыз етудің стратегиялық жоспары. Егер баспасөз беттерінде немесе басқа да жерлерде мемлекеттік-жеке меншік әріптестікке байланысты сындар түсіп жатса, онда мемлекеттік-жеке меншік әріптестік және оның саласындағы бағдарламалар жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті жүзеге асыру саясаты методикалық тұрғыдан қамтамасыз етілуі тиіс және инвесторлардың сенімділігін кепілдеу керек.

Жобалар нарыққа біртіндеп шығарылуы тиіс. Себебі, жеке компаниялар әсіресе қаржы саласында, жан-жақты дайын болу керек.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жаңа құбылыс болғандықтан, халықаралық форумдар жүргізіп тұру керек.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің дамуына байланысты және оның басқа аймақтарға таратылу міндеттілігіне орай, аймақтық орталықтар біртіндеп ашылу керек.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті басқару аймақтық органын құру жобаны ұйымдастыру кезінде жұмыстарды жеңілдетеді. Сонымен қатар әр аймақта спецификалық ерекшеліктері болуына байланысты, аймақтық орган сол мәселелерді шешуші тетік болады. Әрі негізгі арнайы органнан біраз ауыртпалықты түсіріп, оның мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саясатымен шұғылдануына жол ашады.

Бас мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы аймақтық орталықтармен бірлесіп, тәжірибе алмасып, әлеуметтік жобалардың шұғыл жүзеге асырылуына, жеке бизнес ықпалдастық жасауына әсер ете алады.

Сонымен қатар аймақтық орталықтар жергілікті басқару органдырымен тығыз әріптестікте болып, бизнеспен, бас орталықпен араларын жақындатып отырады еді. Және қоғамдық мүдделерді қорғауға және қоғам қажеттіліктерін байқап отыруға міндеттенеді.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жүзеге асыру мақсатында жетекші тәжірибемен алмасу және халықаралық сарапшыларды жобаларды дайындау мен жүзеге асыру үшін шақырту мынадан тұрады:

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жөнінде халықаралық конференциялар өткізіп тұру;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын дайындау мен жүзеге асыру мәселелері бойынша халықаралық мамандарды шақыртумен семинарлар өткізу;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын салалар бойынша жүзеге асырудың ең жақсы тәжірибелерін зерттеу және оларды елдің жағдайына қарай бейімдеу;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктегі жетекші сарапшылардың, жергілікті және аймақтық биліктің өкілдерінің және бизнес қауымдастығының қатысуымен дөңгелек столдар ұйымдастыру.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті енгізіп жатқан елдер үшін халықаралық сарапшыларды шақырту табысты қызметтің көзі болып табылады. Көптеген елдер халықаралық сарапшыларды шақырту неғұрлым ерте кезеңде болғандығын жақтайды. Жекелеп қарастырғанда, дұрыс таңдалған сарапшы келесі салаларда өз жұмыстарын жүргізеді:

- a) Техникалық сала
- b) Құқықтық сала
- c) Қаржы саласы
- d) жобаның жүзеге асырылуы мен нәтижелерінің кезеңдерін қадағалау.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласына шақырылып жатқан халықаралық сарапшылардың сенімді сарапшы екендігіне көз жеткізу нақты болу керек. Себебі, тек үлкен тәжірибесі бар сарапшылар осындай жұмысқа жіберілуі тиіс. Сонымен қатар, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы басқару ережелері мен тәртіптері, жобалардың жүзеге асырылу және бақылау механизмдерінің дұрыс түрлерінің енуі, стандартты келісімдер жасауда нұсқаулықтар беруді тек ең жақсы мамандар жасай алады. Және осы жасалған жұмыстардың дұрыстығы одан кейінгі қызмет барысында үлкен ықпалын тигізеді.

Европада инвестициялық банк мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы жобаларды бағалаудың Европалық сараптама орталығын (European PPP Expertise Centre, EPEC) құрды. Оның

мақсаты – аймақтық деңгейдегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саясатын жасауда тәжірибе алмасу үшін қажет платформа мен база жасау.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік күрделі ұйымдастырылған құрылымдардан тұрады, олар басқарудың жаңа машықтарын енгізу мен жетілдіруді талап етеді. Ал мұндай машықтар көбіне мемлекеттік сектордан гөрі, жеке бизнес секторына байланысты болып табылады. Сонда мемлекет МЖӘ саласын дамыту үшін қажет машықтарды қалай жасайды деген сұрақ туындайды.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында шетел тәжірибесінде мынадай принцип бар: үкімет қажет машықтарды құрама әдістеме арқылы жасай алады. Олар, бір жағынан, жаңа институттар құру мен басшылардың кәсіби дайындығын көтеруді меңзесе, екінші жағынан, жинақталған табысты тәжірибелерді пайдалану.

Қазіргі таңда жаңа машықтардың жаңа түрлері белгілі болды. Оның ішінде келіссөздер жүргізу, шарттар жасасу мен қаржылық жұмыстарды жүргізу машықтарын айта кету керек. Мұндағы негізгі міндет ретінде шығынға негізделген дәстүрлі әдістемелерден нақты нәтижеге жетуге мақсатталған машықтарды дамыту болып табылады.

Бұл жұмыстар көптеген күрделі әрекеттерді талап етеді. Ең бастысы, мемлекет қызметкерлері өздеріне қажет экономикалық сектордағы әріптестер табу үшін сол сектордың спецификасы мен мақсаттарын білу керек. Себебі, жеке сектор өз жұмысында ең алдымен осы жұмыстарды істейді және оларды ескермеу, қызметтің қате жасалуына әкеп соқтырады.

Мемлекеттік қызметкерлер көбіне, аталған машықтарға ие болмайды. Сондықтан, осындай машықтарды қалыптастыру мен дамыту үшін мемлекеттік құрылымдардан, жеке сектордан тәжірибесі бар және экономика саласын жақсы меңгерген мамандарды шақырту керек.

Қаржылық және құқықтық шешімдерді қабылдаудағы жаңа машықтар белгілі мерзім ішінде қабылдануы мүмкін. Бірақ мұндағы ең өзекті мәселе жеке компаниялар өз тарапынан мемлекеттік активтерді ұтымды пайдалана білуі қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында басқарудың тиімділігін арттыру үшін жоғары білікті мамандарды

тарту керек, сонымен қатар оларды өздерінің қатарында ұстап қалып, мемлекеттік сектор құрамынан олардың кетіп қалмауына жол бермеуін қадағалаған жөн. Мемлекет тарапынан осындай жағдайларды ескермеу-тұжырымдамалардың дұрыс жасалмауына және жобаларды басқарудағы қателіктерге әкеліп соқтырады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік құрылымдар жұмысы шеңберінде мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен машықтарын жетілдіру мақсатында дайындық бағдарламалары жасалынуы тиіс. Бұл тұста ескеретін мәселе – мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігі мен машығын көтеру саласындағы ұлттық бағдарламалар әр аймақтың жергілікті спецификасын ескеруі керек.

Мұндай ұлттық бағдарламалар халықаралық стандарттармен жұмыс істеуімен қатар, өздерінің нормаларын жасауға, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында жаңа тәжірибелер жинақтауға, мамандандырылған оқытушыларды тартуға, тыңдаушылар шақыруда тиімді және табысты болуы тиіс.

Жалпы алғанда, «практикаға негізделген оқу» жобаларды жасау мен жүзеге асыру кезінде кадрлардың мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында білімдерін жетілдіруде ең ұтымды шешім де болуы мүмкін.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында кадрлар даярлаудағы ұлттық бағдарламалардың әртүрлі типтерінің мысалдарын қарап өтейік.

Испаниядағы SEOPAN негізгі мердігерлер мен концессионерлер тобының ассоциациясы жергілікті менеджмент және кәсіби даярлау институтымен бірігіп, MBA бағдарламасын құрды. Осы бағдарлама негізінде концессиялар аясында студенттерді дайындап шығаруда.

Көпжақты ынтымақтастық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында бағдарламаларды даярлау маңызды аспект болып табылады.

Осы тұрғыда бағдарламаларды даярлау кадрлардың кәсіптілігін арттыруға, тәжірибе мен машық жинауға үлкен үлесін қосады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бағдарламаларын жүзеге асыру шарттарының бірі – персоналды дайындау. Нұсқаулықтар жасап шығарғаннан кейін, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында спецификалық жобалар үшін оқу модульдерін жасау керек.

Өте маңызды нәрсе – мамандандырылған кадрлар жинау және олардың кетуіне жол бермеу.

Тіпті, мәмлелер бойынша кеңесшілер қабылдағанның өзінде, қаржы мен құқық саласы бойынша тәжірибелі мамандар шақыртылуы тиіс.

Төмендегі шарттар ең маңызды болмаса да, жоғары білікті мамандардың келуіне жол ашады:

- Еңбекақы деңгейі
- Функционалды міндеттері
- Қызығарлық еңбек

жағдайларын туғызу.

Ұзақмерзімді табысқа ие болу үшін институционалды жады және білімді салалық министрліктерге беруді қалыптастыру керек.

Мұндағы міндет тек жаңа институттар ашуда ғана емес, сонымен қатар әкімшілік жобалар бойынша машықтар мен процедуралар жөнінде шешімдер қабылдауды дамыту керек. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің дамуы үшін қуатты, жаңа жағдайларға бейімделе алатын және жаңа компетенцияларды меңгере алатын мемлекет болу керек.

Жалпы айта келгенде, мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктегі тәжірибе мен машықтар институттардың маңыздылығын аша түседі және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті басқаруды жақсартуды талап етеді.

Кадрларды даярлау және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нарығының барлық қатысушыларын оқыту компоненті келесілерден тұрады:

- Оқыту және кәсіби біліктілік бағдарламаларын жасау;
- Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік нарығының қатысушыларының әртүрлі топтарын оқыту;
- Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік оқыту бағдарламаларын жоғары оқу орындарына енгізу және тарату.

Оқыту және кәсіби біліктілік бағдарламаларын жасаудың мақсаты ретінде мемлекеттік қызметкерлердің, даму институттары мамандарының мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында кәсіби компетенция мен машықтарды қалыптастыру мен жетілдіру болып табылады.

Кәсіби біліктілікті жетілдіруден өткен мамандар мемлекеттік-жеке меншік әріптестік механизмдері, формалары, әдістері, модельдері, сапаны көтеру, бюджеттік

шығындар тиімділігін оптимизациялау туралы мәселелерді біліп шығады.

Осы тұста оқу-әдістемелік қызмет стратегиясының қажеттілігі жергілікті басқару органдары қызметкерлерінің мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында нақты түсінікке, мақсаттары мен міндеттеріне ие болмауымен, сонымен қатар біліктіліктің нашарлығымен сипатталады.

Оның мақсаты – жоғары оқу орындарымен тығыз қатынастар құру.

Міндеттері - мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тақырыбы аясында кеңестік-әдістемелік кешен құру, оқу құралдарын жаңартып және жетілдіріп отыру, жоғары оқу орындарымен қосылып оқу-әдістемелік материалдар жасау.

Құралдары ретінде семинарлар, курстар өткізу, оқыту материалдарын жасауды айтуға болады.

Оқыту, кеңес беру мен ақпараттандыру мыналарға бағытталады:

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті қолдануда стратегиялық жоспарлауды ұйымдастыруды оқыту;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруды оқыту;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобалар сарабын жасауда кеңес беру;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларының бағдарламаларын жасауда көмек көрсету;

- жергілікті мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталықтарын құруда методологиялық қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орындарымен қатынастар жүргізу маңыздылығы мыналармен сипатталды:

- жоғары оқу орындарымен әріптестік меморандумы мен хаттамалары негізінде оқу-методикалық кешен мәтіндерін жасауға көмек көрсету;


- мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тақырыбы бойынша оқу бағдарламалаына редакциялау жасау, кейстер дайындау;

- жоғары оқу орындары аумағында семинарлар мен курстар өткізу,

- жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы;

- оқу-әдістемелік құралдар жасауда бірлесіп авторлық жасау.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталықтарының жоғары оқу орындары мен тұтынушыларымен қарым-қатынасы



Осы стратегияның компоненттерін орындау жүргізу мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы сапалы дамуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудағы айқан құбылыс болары мәлім.

Инфрақұрылымдық жобаларды тек мемлекет пен бизнестің бірігуімен шешу

мүмкін еместігі аңғарылып отыр. Сол үшін, әріптестік барлық қатысушылардың бірігуімен жасалу қажет. Теңгерілген саясат мемлекет пен жеке сектордың, сондай ақ, басқа да қатысушылардың барлық күшті жақтарын пайдалануымен жүргізілуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Капышева А., Аманбаев Е. 2015. «Конкурентный диалог» в государственно-частном партнерстве//Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности». Астана: ЕНУ.
- 2.Практические рекомендации по реализации проектов ГЧП (Белая книга) 2016. Министерство национальной экономики РК АО «Казахстанский центр ГЧП». Астана. С. 38.

Рахимова Бакыт Капжаппаровна

Лауазымы: экономика ғылымдарының кандидаты, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, Казак инновациялық гуманитарлық заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

Шойбакова Еркежан Оразбай қызы

Лауазымы: экономика ғылымдарының магистры, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, Казак инновациялық гуманитарлық заң университеті

Пошталық мекен-жайы:071403, Қазақстан Республикасы, Семей қ.,343 квартал,1-31

Ұялы. тел: +7 777 131 55 01

Мұқанова Лаура Құдайбергенқызы

Лауазымы: экономика ғылымдарының магистры, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, Казак инновациялық гуманитарлық заң университеті

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ.,Островского 5А-183

Ұялы. тел: +7 7059110826

Құрманбаева Сауле Тәнірберген қызы

Лауазымы: экономика ғылымдарының магистры, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, Казак инновациялық гуманитарлық заң университеті

Пошталық мекен-жайы:071403, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шәкәрима 20-198

Ұялы. тел: +7 777 856 87 97

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында стратегияны нығайту

Рахимова Бакыт Капжаппаровна

Должность: кандидат экономических наук, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071403, Республика Казахстан, г. Семей

Шойбакова Еркежан Оразбаевна

Должность: магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071403, Республика Казахстан, г. Семей,343 квартал,1-31

сот. тел: +7 777 131 55 01

Муканова Лаура Құдайбергеновна

Должность: магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, Островского 5А-183

сот. тел: +7 705 911 08 26

Құрманбаева Сауле Тәнірбергеновна

Должность: магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление», Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет

Почтовый адрес: 071403, Республика Казахстан, г. Семей,Шәкәрима 20-198

сот. тел: +7 777 856 87 97

Укрепление стратегий государственно-частного партнерства

Rakhimova Bakyt Kapzhapparovna

Position: PhD in Economics, Senior Lecturer, Department of Business and Management, Kazakh Humanitarian Law Innovation University

Mailing address: 071403, Kazakhstan Republics, Semey ,

Shoybakova Erkezhan Orazbaevna

Position: Master of Economics, Senior Lecturer, Department of Business and Management, Kazakh Humanitarian Law Innovation University

Mailing address: 071403, Republic of Kazakhstan, Semey city, 343 quarter, 1-31

Mob.phone: +7 777 131 55 01

Mukanova Laura Kudaibergenovna

Position: Master of Economics, Senior Lecturer, Department of Business and Management, Kazakh Humanitarian Law Innovation University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Ostrovsky 5A-183

Mob.phone: +7 705 911 08 26

Kurmanbaeva Saule Tanibergenovna

Position: Master of Economics, Senior Lecturer, Department of Business and Management, Kazakh Humanitarian Law Innovation University

Mailing address: 071403, Kazakhstan Republics, Semey , Shakarima 20-198

Mob.phone: +7 777 856 87 97

Strengthening Public-Private Partnership Strategies